

Бек Air авиакомпаниясы ұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөнінде үкіметтік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 986 қаулысы

2019 жылғы 27 желтоқсанда Алматы қаласының әуежайы ауданында Бек Air авиакомпаниясы ұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Алматы қаласының әуежайы ауданында Foker 100 ұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылсын.

2. Комиссия дереу жұмысқа кіріссін, ұшақтың құлау себептерін жан-жақты тексеруді қамтамасыз етсін, қаза болғандардың отбасыларына бірінші кезекте көмек көрсету бойынша шаралар қабылдасын.

3. Комиссия басшысының орынбасары Р.В. Скляр ұшақтың құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру нәтижелері және қаза болғандардың отбасыларына көмек көрсету бойынша қабылданған шаралар туралы баяндасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 986 қаулысына
қосымша

Алматы қаласының әуежайы ауданында Foker 100 ұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссияның құрамы

М а м и н

А с қ а р

Ұзақбайұлы

- Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, басшы

С к л я р

Р о м а н

Васильевич

- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, басшының орынбасары

Атамқұлов - Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі
Бейбіт Бәкірұлы

Дембаев
Болат
Бекназарұлы - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары (келісу бойынша)

Ильин
Юрий
Викторович - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары

Жақыпов
Рашид
Тауфикұлы - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары

Надыров
Камалжан
Талғатұлы - Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау вице-министрі

Байжұманов
Батыржан
Құлаймергенұлы - Алматы қаласы әкімінің орынбасары

Қожағапанов Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары
Ерлан -
Тоқтарханұлы

Ластаев Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
Талғат - Азаматтық авиация комитетінің төрағасы
Тілеубекұлы

Нұрғалиев Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек,
Ербол - әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің төрағасы
Жолдасбекұлы

Жұмасұлтанов
Нұрлан - "Bek Air" авиакомпаниясы" акционерлік қоғамының президенті (келісу бойынша)
Тілеубайұлы